

Әуликөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 177 "Қосағал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 209 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 тамызда № 5846 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 15.06.2016 № 140 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуликөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 177 "Қосағал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5697 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 шілдедегі "Әуликөл" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы мына редакцияда жазылсын:

"Қосағал ауылының әкімі аппараты", тақырыбы орыс тілінде өзгеріссіз қалады;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қосағал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы ережесінде (ары қарай – Ереже):

9 тармақ Ережеде мемлекеттік және орыс тілінде жаңа редакцияда жазылсын :

"9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110405, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Қосағал ауылы."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин